




Ортопедиялық стоматология пропедевтикасы  
модулі

**Тақырып:** Толық алынбалы  
пластиналдық протездерді бекіту  
әдістері. Жақтардың орталық ара  
қатынасын фантомда анықтау.

Фантом класта жұмыс.

Функциональді қалып алу. Гербст  
сынамалары.

Орындаған: Искенов Д  
Қабылдаған: Кузекоев Ж.С



# Кіріспе

Толық алмалы – салмалы протез бұл – тіс қатарында барлық тістер болмаған уақытта қолданылатын протез. Барлық тістердің болмауы дистрофиялық (тіс жегісі, пародонтоз) және жарақатты процестердің әсерінен тіс – жақ жүйесіндегі функциональды және анатомиялық бұзылыстарға алып келеді. Толық алмалы – салмалы протез көмегімен пайда болатын өзгерістерді тоқтатуға және шайнау қызметін қалыптастыруға, науқастың ішек жолдары қызметін қалыпты жағдайға келтіруге мүмкіндік туғызады.



## Толық алмалы-самалы протездерді бекіту.

Тіссіз жақта протезді бекітудің көптеген тәсілдері ұсынылды. Олардың негізіне әртүрлі принциптер мен заттар алынды.


Протез жақ сүйегіне бекітудің мынадай әдістері бар: *механикалық, физикалық, анатомиялық, биофизикалық, биомеханикалық және физикалық-биологиялық.*



# Механикалық әдістер

XVIII ғасырда Фошар молярлар аймағына бір-бірден оң және сол қапталынан иілген күйде орналастырылған алтын пластинкалық серіппені қолдануды ұсынған болатын. Кейінен бұл әдіс кең қолданыс тапты, пластинкалы серіппе спиральмен ауыстырылған болатын.





Ретенция, барлық белгілі әдістердің ішіндегі ең кең тарағаны. Ол табакшалы протездерді бекіту үшін түрлі механикалық құрылғыларды (серіппелерді, қапсырмаларды, лигатураларды) пайдалануға негізделген. Қазір бұл әдіс аз қолданылады.



# Анатомиялық

Протездің беку дәрежесі алғашқы кезекте протез тінінің анатомиялық-физиологиялық күйіне байланысты. Альвеола қыры және альвеола бөлігі жақсы білінетін жақ сүйектерде протез неғұрлым тұрақты келеді, себебі шырышты қабық бұлшық еттері, тартпаларының жақ сүйегіне бекуі орны альвеола қырынан жеткілікті алыс болады.


## Физикалық әдіс

Тіссіз жақ сүйектеріне протезді орнықтыру үшін адгезия және когезия сияқты физикалық құбылыстарды пайдаланады.



*Адгезия – екі әртекті денелер жанасқанда, олардың беткі қабаттарында белгілі бір байланыстың пайда болуы.*

*Когезия – физикалық денеде молекулалар, атомдар, иондардың ұштасуы, молекулааралық әсер және химиялық байланыспен түсіндіріледі.*



**Когезия және адгезия құбылыстары іс жүзінде протездерді бекіту үшін пайдаланылады.**



# Физикалық-биологиялық әдісі

Соңғы жылдары

бекітудің физикалық-

биологиялық әдістері

кеңінен қолданылады.

Олардың мәнісі

протездердің адгезия және


қызметтік созылуы

есебінен бекуінде.



Елімізде кең тараған әдіс – жеке қасықтарды Гербст бойынша қызметтік сынамаларды пайдаланып кигізіп көру.






**1-ші сынама.** Науқасқа жұтынуын сұрау. Егер қасық түсіп кетсе, онда қасықтың дистальды бөлігін қысқарту қажет. (1 аймақ)

**2-ші сынама.** Ауызды кең етіп ашу. Егер қасық ығысса, онда оның шетін қысқарту керек. (2 аймақ)

**3-ші сынама.** Ұрттарды сору. Егер қасық ығысса, ұрт қатпары аймағынан қасық жиегі қысқартылады. (3 аймақ)

**4-ші сынама.** Ерінді керіп алға шығару түзету қасықтың алдыңғы бөлімінде жасалады.





**1-ші сынама.** Жұтынып ауызды кең ашу. Егер қасық жұту кезінде көтеріліп кететін болса, қасық жиегін артқы төмпешіктен жақ-тіл асты сызығына дейін қысқарту керек. (1 аймақ)

**2-ші сынама.** Ауызды кең ашу және ерінді алға шығару. Егер қасық көтеріліп кетсе, (алдынан немесе артынан) қасықты сыртқы жағынан қысқартады. (2 аймақ).

**3-ші сынама.** Тілмен жоғарғы еріннің қызыл ернеуінен жүргізіп өтеді. Егер қасық алға, жоғары көтерілсе, онда жақ-тіл асты сызығының бойымен өтетін қасық шетін қысқартады.

(3 аймақ)



**4-ші сынама.** Тілдің ұшын мұрын ұшына қарай шығару. Қасық жиегін түзету тіл жүгеншесіне қарай ойас етіп жүргізеді. (5 аймақ)

**5-ші сынама.** Ауызды жартылай жапқан күйінде тілдің ұшын ұртқа тигізу. Қасықтың тіл асты жиегінің орталық сызығын 1 см қашықтықта түзетулер жасалады. Тілді оңға қозғалтқанда түзету сол жақта, ал тілді сол жаққа қозғалтқанда түзетулер оң жақта жүргізіледі. (4 аймақ)



**Сапалы протезді силикон массасының екінші қабаты көмегімен алынған қалыптар бойынша дайындайды.**

**Алдын-ала жеке қасыққа қақпақ аймағына жылытылған негіздік балауыз жолағы төсеп, қасық шетін қызметтік белгілеуді аяқтайды.**





**Сапа белгісі – протез орнының дәл бейнесі. Қалып шеті үздіксіз келіп, қалыптың массасы бедер шеті бойымен біртекті орналасуы тиіс. жеке қалып жоғары жақ сүйегінен едәуір күшпен, ал төменгі жақ сүйегінің протез орнынан жеңіл алынуы керек.**



**Функциональды қалып алу әдісі протез орнының тіндерінің ағдайына, альвеола өсіндісінің сему дәрежесіне байланысты болады.**

**Функциональды сорылғыш қалып алудың 3 әдісі бар :**

- 1. Компресионды**
- 2. Қысым түсірмей алу**
- 3. Дифференцияланған**



**Мүлде тіссіз науқастарда протездегенде орталық окклюзияны емес, жақ сүйектерін арақатынасын анықтайды, себебі бұл кезеңде тістер қатары емес, окклюзиялы балауыз біліктері орын алады.**

**Жақ сүйектері орталық арақатынасын анықтау дегеніміз төменгі жақ сүйегінің жоғарыға қатысты орнын үш озара перпендикуляр жазықтықта анықтау.**



Қазақстандық ғалымдар, Еслямғалиев Г. Т. Алтынбеков К.Д. (1989) беттің төменгі үштен бірін құлақ жарғағының биіктігіне қарай анықтауды ұсынады.

Антропометрикалық әдістермен қатар неғұрлым кең тарағаны зерттеудің қызметтік – физиологиялық, анатомиялық – физиологиялық әдістері. Соңғысы стоматолог – ортопедтер ортасында өте танымал, себебі арнайы аппаратураны, жүргізу техникасын қажет етпейді.



**1. Ең алдымен жоғарғы жақтың білігін шақтаймыз. Жоғарғы жақтың білігінің фронтальді бөлігінің биіктігі 1-1,5см, ені 3-4 мм, ал бүйір жақтағы біліктің биіктігі 5-7мм, ені 10-12мм болады. Ауыз қуысына шақтаған кезде ең алдымен вестибулярлы доғаға мән береміз, егер ерін алдыға шығып тұрса артық жерін аламыз, ерін ішке кіріп тұрса балауызбен қосамыз.**




**2. Алдыңғы біліктің биіктігін тексереміз.  
Білік жоғарғы еріннен 2-3 мм шығып тұру  
керек.**

**3. Протетикалық жазықтықты , ол үшін 2  
сызығышты қолданамыз.**

**1-ші сызығыш көз қарашық  
сызығымен қояды, ал 2-ші сызығыш ауыз  
қуысындағы жоғарғы жақ біліктің  
окклюзиялық жазықтығына қояды , екі  
сызығыш бір біріне параллель болуы керек.  
Мақсаты біліктің алдыңғы бөлігінің  
биіктігін қалыптастыру**






**Білік беті қарашық және мұрын – құлақ сызықтары бойына параллель келген соң, оны тегістеп, құрылған протетикалық жазықтықты жетілдіреді. Ол үшін Нейша аппаратын қолданған жөн.**







**Біліктің бүйір бөлігінің биіктігін қалыптастыру үшін, құлақтың түйінен мұрын қанатына дейін кампер сызығын жүргіземіз. Тағы бір сызғышты білікті бүйір бөлігінің окклюзиялық жазықтықта орналастырып параллельдігін анықтаймыз.**



**Төменгі жақ білігін шақтаймыз,  
вестибулярлы доғасын анықтаймыз.  
Жақтардың түйістіруін сұраймыз,  
физиологиялық тыныштық биіктігімен  
салыстырып, төменгі жақ білігінің  
биіктігін 2-3мм аламыз. Жоғарғы және  
төменгі білік бойымен 2 бүйір және 1  
алдыңғы сызық сызып аламыз.**
















Балауызды негізбен окклюзиялық білікті ауыз қуысынан шығарып жаңағы жүргізген сызық бойымен жоғарғы жақ білігіне кертпе жүргіземіз, ал төменгі жақ білігіне сызық бойымен қыздырылған балауызды жанастырамыз. Науқастың ауыз қуысына салып, сілекейін жұтынып барып жақтардың түйістіруін сұраймыз. Окклюзиялық биіктікті анықтаймыз.









**Соңғы кезең – жоғарғы тістерді орнату үшін бағдар сызықтарын салу. Осы сызықтарға қарап техник тістер өлшемін таңдайды. Жоғарғы білікке орта сызығын, сүйір тістік және күлімдеу сызығын түсіру қажет.**



